

060011, Қазақстан Республикасы,
Атырау қаласы, Студенттер даңғылы, құрылыс, 1
тел./факс: 8 (7122) 27 63 23
web: www.asu.edu.kz, e-mail: kense@asu.edu.kz
БИН 990240001891

060011, Republic of Kazakhstan, Atyrau,
Students ave., 1
tel./fax: 8 (7122) 27 63 23
web: www.asu.edu.kz, e-mail: kense@asu.edu.kz

060011, Республика Казахстан,
г. Атырау, проспект Студенческий, строение 1
тел./факс: 8 (7122) 27 63 23
web: www.asu.edu.kz, e-mail: kense@asu.edu.kz

№ 15-19/2346
18.10.2023

Жоғары оқу орындары мен ҒЗИ басшыларына

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті құрметін білдіре отырып, төмендегі ақпаратты жолдайды.

«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Хабаршысы» ғылыми журналы 1996 жылдан бастап шығарылады. Журналдың мақсаты – тарихи-археологиялық, педагогикалық-психологиялық, экономикалық, заң ғылымдарының теориялық және қолданбалы ғылыми зерттеулер нәтижелерін жариялау, зерттеушілер арасында аталған бағыттардың әртүрлі мәселелері бойынша пікір алмасу.

Журнал Қазақстан Республикасы Ақпарат және әлеуметтік даму министрлігінің Ақпарат комитетінде №3631-Ж Мерзімді баспа басылымын қайта тіркеу туралы куәлік 14.02.2003 ж. тіркелді және № KZ21VPY00048733 Мерзімді баспа басылымын қайта тіркеу туралы куәлік 04.05.2022 болып қайта тіркелді.

«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Хабаршысы» ғылыми журналы Халықаралық ақпарат орталығында тіркелген (ЮНЕСКО, Париж, Франция) ISSN 2077-0197 (Print), ISSN 2790-332X (Online)

Ғылыми журнал 2017 жылдан бастап Ресейдің ғылыми дәйексөздер базасында және 2018 жылдан бастап Қазақстандық дәйексөздер базасында индекстеледі. Журналдың редакциялық кеңесінің құрамында Қазақстан, Ұлыбритания, Түркия, Ресей, Украина ғалымдары бар.

«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Хабаршысы» ғылыми журналы іргелі және қолданбалы зерттеулердің келесі бағыттары бойынша мақалалар жариялайды.

Журналдың тақырыптық бағыты:

1. Тарих және археология;
2. Педагогика және психология;
3. Экономика;

4. Құқық.

Журналда отандық және шетелдік ғалымдардың, жоғары және орта білім беру оқытушыларының, ғылыми-зерттеу ұйымдары қызметкерлерінің, докторанттар мен магистранттардың ғылыми мақалалары қабылданады.

Мақалалар vestnik@asu.edu.kz почтасы арқылы қабылданады.

Ғылыми мақалаларды жариялауға қойылатын талаптармен келесі сілтеме бойынша танысуға болады: <https://www.vestnik-asu.kz/>

Журналдарды шығару мерзімділігі – жылына төрт рет (тоқсан сайын).

Мақалаларды қабылдау мерзімі:

- бірінші тоқсан 1 наурызға дейін;
- екінші тоқсан 1 маусымға дейін;
- үшінші тоқсан 1 қыркүйекке дейін;
- төртінші тоқсан 1 желтоқсанға дейін.

Тарих және археология, Педагогика және психология, Экономика, Құқық бағыттары бойынша ғылыми журналына автор (авторлар) тарапынан бұрын жарияланбаған, қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде журналдың тақырыптық бағыттарына сәйкес келетін және қолжазба талаптарына сай жасақталған мақалалар қабылданады.

Жоғары оқу орынының профессор-оқытушы құрамының, жас ғалымдардың, ғылыми қызметкерлердің ғылыми мақалаларын жариялау үшін ынтымақтастыққа шақырамыз!

**Ғылым және халықаралық байланыстар
жөніндегі проректор**



Утепкалиева К.М.